



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

12.10.2022 жыл

№ 19, 2-т.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағындағы ақпараттық жұмыстың жағдайы мен оны одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті Салалық кәсіподақтың жарғылық міндеттерді орындауға, кәсіподақ органдары мен ұйымдарының қызметін насихаттауға, қоғамдағы кәсіподақтың имиджі мен беделін арттыруға бағытталған ақпараттық қызметті жетілдіру бойынша мақсатты жұмыс жүргізетінін атап өтеді. Кәсіподақтың Салалық Кеңесі мен облыстық ұйымдар тәжірибеге жаңа ақпараттық технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Кәсіподақ мүшелерін кәсіподақ қызметі туралы жедел хабардар ету жүзеге асырылып келеді. Ақпараттық жұмыс сапасының айтарлықтай артуы байқалады. Ақпараттық жұмыста кәсіподақтың Салалық Кеңесінің сайты, әлеуметтік желілер, БАҚ кеңістіктері кеңінен қолданылады. Кәсіподақ органдары журналистер арасында мақсатты байқау-конкурстар өткізіп отырады.

Кәсіподақ қозғалысының өзекті проблемалары бойынша республикалық және жергілікті БАҚ бағдарламаларына Кәсіподақ басшыларының қатысуы күнделікті тәжірибеге айналып отыр.

Сонымен қатар, кәсіподақ органдарының ақпараттық қызметінде елеулі кемшіліктер мен олқылықтар орын алуда. Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде орналастырылған жарияланымдардың сапасына ерекше назар аудару қажет. Жарияланған материалдар бастауыш кәсіподақ ұйымдарының үлкен және пайдалы жұмысын толық көрсетпейді, әлеуметтік әріптестік процесі (үдерісі), адам құқықтарын қорғау жұмысы нашар жарияланады. Әлеуметтік желілерді пайдаланушылар мен оқырмандар алдында еңбек, әлеуметтік-экономикалық және басқа да қоғамдық қатынастардың өзекті мәселелері қойылмайды.

Бірақатар кәсіподақ органдары кәсіподақ ұйымдарының оң имиджін қалыптастыру үшін «Қазақстан кәсіподағы» кәсіби басылымының, әлеуметтік желілердегі ресми елдердің мүмкіндіктерін тиімді пайдалана бермейді. Жалпы, «Қазақстан кәсіподағы», «Білімді ел – Образованная страна» республикалық газеттеріне жазылушылар санының өсу қарқыны төмен болып қалуда.

Бірақатар мүшелік ұйымдарда ақпараттық жұмысты ұйымдастыруға жауапты мамандардың штаттық бірліктерімен жабдықтау мәселесі шешілмеген.

Кейбір аймақтарда ақпараттық-насихаттау жұмысының жеткіліксіз деңгейі айта кеткен жөн.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Аткару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә.Әбиеваның «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағындағы ақпараттық жұмыстың жай-күйі және оны одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» ақпараты назарға алынсын (қосымша ұсынылады).

2. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары кәсіподақтың ақпараттық-насихаттау жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру шараларын қабылдасын, ол үшін:

- кәсіподақ мүшелерінің, білім беру саласы қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау мәселелеріне басты назар аудара отырып, кәсіподақ органдары мен ұйымдарының республикалық, облыстық және жергілікті БАҚ-пен өзара іс-қимылының нысандары мен әдістерін жетілдіру, олардың мүмкіндіктерін кәсіподақ ұйымдарының қызметін жан-жақты жариялау үшін кеңінен пайдалану;

- БАҚ-та Жарияланымдар үшін ұсынылатын ақпараттық материалдардың сапасы мен мазмұнын жақсарту, «Қазақстан кәсіподағы», «Білімді ел – Образованная страна» республикалық газеттеріне жазылушылар санын арттыру жөнінде шаралар қабылдау.

3. Кәсіподақ мүшелік ұйымдарының басшы органдарына:

- Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін, салалық кәсіподақ кеңесінің сайтына белсенді пайдалану, сондай-ақ кәсіподақтың әлеуметтік желілерінің парақшаларына жазылушылар санын көбейту бойынша жұмыс жүргізу;

- кәсіподақ қызметінің маңызды және өзекті оқиғалары бойынша журналистермен кәсіподақ органдары басшыларының баспасөз конференцияларын, кездесулерін және брифингтерін тұрақты өткізуді тәжірибеге енгізу. Кәсіподақ органдары мен ұйымдарының қызметін БАҚ-та жүйелі түрде жариялауды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыс істейтін айдарлар, циклдар мен теле-радио хабарларын ұйымдастыру;

- кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау саласындағы жұмыс тәжірибесі мен практикасын ұдайы қорытындылау, кәсіподақ ұйымдарының қызметінде пайдалану үшін ақпараттық-әдістемелік бюллетеньдер мен құралдарды әзірлеу және басып шығару жөніндегі жұмысты жүргізу.

4. Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің ұйымдастырушылық-кадрлық жұмыс бөлімі және баспасөз қызметі:

- ақпараттық қызметті жүзеге асыру, жұмыс тәжірибесіне жұмыстың заманауи нысандары мен әдістерін енгізу бойынша мүшелік ұйымдардың қызметін үйлестіру жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру;

- ақпараттық жұмыстарға жүйелі мониторинг жүргізу;

- кәсіподақтың ақпараттық жұмысын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері мен талаптарын ескере отырып, ақпараттық жұмыстың жай-күйіне жауапты облыстық кәсіподақ ұйымдарының мамандарын оқытуды жүргізу;

- Салалық кәсіподақтың Аткару комитетінің 22.01.2022 ж. №9 «Кәсіподақтағы цифрландыру туралы» қаулысын іске асыру мақсатында Кәсіподақтың Салалық Кенесінде кәсіподақ органдарының практикалық жұмысы барысында пайдалану мен кәсіподақ кадрларының оқуын ұйымдастыру және салалық кәсіподақ активі үшін кәсіподақ қызметі мәселелері бойынша ақпараттық деректер банкін, анықтамалық-библиографиялық және әдістемелік қорды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбісбаға жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева